

Әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден және әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан баспа) жабық және оқшауланған әскери қалашықтардағы, шекара заставаларындағы және комендатуралардағы орталықтандырылған жылудан басқа, коммуналдық қызметтер шығыстарын төлеу үшін ақшалай өтемақы төлеу тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 мамырдағы N 593 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 тамыздағы № 1091 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.08.28 N 1091 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 20 қаңтардағы Заңын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден және әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) жабық және оқшауланған әскери қалашықтардағы, шекара заставаларындағы және комендатуралардағы орталықтандырылған жылудан басқа, коммуналдық қызметтер шығыстарын төлеу үшін ақшалай өтемақы төлеу тәртібі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін. <*>

Ескерту. Тақырыбы мен 1-тармағына өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.31. N 912 қаулысымен .

2. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 мамырдағы
N 593 қаулысымен
бекітілген

Әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден және әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) жабық және

**оқшауланған әскери қалашықтардағы, шекара заставаларындағы және
комендатуралардағы орталықтандырылған жылудан басқа, коммуналдық
қызметтер шығыстарын төлеу үшін ақшалай өтемақы төлеу тәртібі
туралы
ЕРЕЖЕ**

**Ескерту. Тақырыбы мен мәтініне өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.31.
N 912 қаулысымен .**

1. Осы Ереже әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді қоспағанда) жабық және оқшауланған әскери қалашықтардағы, шекара заставаларындағы және комендатуралардағы орталықтандырылған жылудан басқа, коммуналдық қызметтер шығыстарын төлеу үшін ақшалай өтемақы (бұдан әрі - ақшалай өтемақы) төлеу тәртібін анықтайды.

2. Ақшалай өтемақы төлеу әскери қызметшінің еңбек сіңірген жылдарына қарамастан, тұрғын үй қорының кімге тиесілі екендігіне қарамастан, жабық және оқшауланған әскери қалашықтардағы, шекара заставаларындағы және комендатуралардағы орталықтандырылған жылудан басқа, коммуналдық қызметтер (орталықтандырылған жылу, суық және ыстық сумен жабдықтау, кәріз, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау) шығыстарын төлеу үшін жүргізіледі .

3. Ақшалай өтемақының мөлшері заңға сәйкес, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте анықталады.

4. Ақшалай өтемақы төлеу туыстық қатынастары мен бірге тұруына қарамастан (яғни күйеуіне, әйеліне, балаларына, егер олар әскери қызметшілер болып табылса), әрбір әскери қызметшіге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден және әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттарынан басқа) жүргізіледі .

Ақшалай өтемақы әскери қызметшілерге ағымдағы ай үшін ақшалай үлес төлеумен бір мезгілде төленеді.

Ақшалай өтемақы демалыста болған, соның ішінде бала күту, қызметтік іссапар, емделу және басқа да жағдайлар бойынша уақытты қоса алғанда, әскери қызметшінің әскери қызметтегі барлық кезеңіне төленеді.

Әскери қызметшіге ақшалай өтемақы төлеу оны әскери қызметтен босатқан кезде немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады .

5. Штаттық лауазымын сақтай отырып, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге немесе басқа да мемлекеттік органдарға қызметтік іссапарға, сондай-ақ оқуға жіберілген әскери қызметшілерге ақшалай өтемақы штаттық лауазымының

сақталу орны бойынша төленеді.

Штаттық лауазымын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының әскери оқу орындарында оқуға іссапарға жіберілген әскери қызметшілерге ақшалай өтемақы оқу өткеріп жүрген орны бойынша төленеді.

6. Әскери қызметші қайтыс болған жағдайда, ол алмаған ақшалай өтемақы ол каза (қайтыс) болған айды қоса алғанда, барлық кезең үшін қайтыс болған күні бірге тұрған отбасы мүшелеріне төленеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 мамырдағы
N 593 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 желтоқсандағы N 2012-123 қаулысы.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 11 қаңтардағы N 43 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің әскери қызметшілері мен Өртке қарсы мемлекеттік қызметтің белгіленген тәртіппен тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызмет көрсетулерге ақшалай өтемақыға құқығы бар арнаулы атақ берілген қызметкерлері лауазымдарының тізбесінің 1-бөлімі (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 1, 14-құжат).

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 наурыздағы N 476-25 қаулысы.

4. "Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсетулерге шығыстарды төлеу үшін ақшалай өтемақы төленетін әскери қызметшілері лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 мамырдағы N 649 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 21, 230-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы әскери прокуратура органдарының тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді төлеуге ақшалай өтемақы алуға құқығы бар әскери қызметшілері, қызметкерлері лауазымдарының тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 26 шілдедегі N 1127 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 31, 380-құжат).

6. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тұрғын үйді ұстау мен коммуналдық қызметтердің шығындарын төлеу үшін ақшалай өтемақы алуға құқығы бар әскери қызметшілері (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2000 жылғы 15 тамыздағы N 1263 қаулысы .

7. "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі ішкі әскерлерінің тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге арналған шығыстарды төлеу үшін ақшалай өтемақы алуға құқығы бар әскери қызметшілері (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 қарашадағы N 1662 қаулысы .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК